

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «№7 БЕТҚАЙНАР КОЛЛЕДЖІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



«Бекітемін»

Басшы (директор)

Г.Е.Алимбаева

29 » 08

2025 ж.

**№7 Бетқайнар колледжінің 2025-2026 оқу жылына  
арналған жылдық жоспары**

Педагогикалық кеңестің отырысында қаралды және мақұлданды  
2025 жылғы 29 тамыз №1 хаттама

**Колледждің миссиясы:** «Бәсекеге қабілетті, еңбек нарығының талаптарына сай, кәсіби құзыретті, жауапкершілігі жоғары мамандарды даярлау арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу»

**Колледждің пайымдауы:** Аймақ пен елдің индустриялық-инновациялық дамуына үлес қосатын, заманауи білім беру технологияларын енгізген, халықаралық ынтымақтастық орнатқан, беделді және сапалы білім беретін колледжге айналу

**Стратегиялық мақсаты:**

1. Білім сапасын арттыру – кәсіби және техникалық білім берудің жаңа стандарттарына сай оқу процесін жетілдіру.
2. Инновациялық инфрақұрылым құру – заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған оқу-өндірістік базаны дамыту.
3. Дуалды және тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесін кеңейту.
4. Интернационалдандыру мен халықаралық серіктестікті дамыту.
5. Цифрлық трансформация мен автоматтандыруды енгізу.
6. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін арттыру және еңбек нарығымен тығыз байланыс орнату.

**Міндеттері:**

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;
- Оқу үдерісіне инновациялық және цифрлық технологияларды, жасанды интеллект элементтерін енгізу;
- Өндіріс орындарымен серіктестік орнатып, дуалды оқыту жүйесін жетілдіру;
- Материалдық-техникалық базаны жаңарту;
- WorldSkills стандарттарына сәйкес құзыреттілік орталықтарының жұмысын дамыту;
- Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және үздіксіз дамуын қамтамасыз ету;
- Халықаралық және аймақтық деңгейде тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлықты кеңейту;
- Студенттердің кәсіби, тұлғалық және азаматтық құндылықтарын қалыптастыру

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА**

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№7 Бетқайнар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Білім беру ұйымының орналасқан жері: 080408

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бетқайнар ауылы, Көл көшесі №1

Жұмыс телефоны: 8726 36 25149

[betkaynar-kolledj7@mail.ru](mailto:betkaynar-kolledj7@mail.ru),


сайт: [www.betkaynar-college.kz](http://www.betkaynar-college.kz)

ҚР Әділет министрлігінде № 61-1919-04-ГП 2012 жылы 06 тамызында тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама талап ету жері бойынша берілді. 2001 жылдың 20 наурызынан бастап салық төлеуші ретінде тіркелген, ҚР салық төлеушісінің сериясы 21 № 0031555 куәлігі 24.08.2012 жылы берілген. Колледж жарғысы: БСН 080240017673, 04.02.2019 жыл № 7 Бетқайнар колледжінің педагогикалық ұжымы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 19 ақпандағы лицензия №KZ81LA M00000584 берілген қосымшалар негізінде мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады:

<b>Мамандықтар</b>	<b>Біліктіліктер</b>
1. 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету	-3W06130101 - Бағдарламалық кешен операторы - 3W06130102 - Web-дизайнер -4S06130105 Ақпараттық жүйелер технигі
2. 07150500 Дәнекерлеу ісі ( түрлері бойынша)	- 3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші - 4S07150502 Техник-механик
3. 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру	-3W07150501 Ауыл шаруаш.техникасын жөндеу шебері -3W07150503 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисті
4.07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	- 3W07230101 Тігінші - 3W07230102 Арнайы тігінші - 4S07230107 Техник- технолог



# КОЛЛЕДЖ ҚҰРЫЛЫМЫ



## Оқу жұмысының жоспары

2025-2026 оқу жылы

**Мақсаты:** бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың сапасын жақсартуға бағытталған жағдайларды қамтамасыз ету үшін білім беру саласындағы

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің заңнамасына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру.

**Міндеттері:**

- Колледжде оқу үрдісін ұтымды ұйымдастыру; оқу үрдісінің кестесі, сабақ кестесі;
- Білім алушылардың аралық және қорытынды білімдерін бақылауды өткізуді ұйымдастыру; сынақ, бақылау жұмыстары, емтихандар;
- Инновациялық технологиялардың белсенді түрі мен әдістемелік оқытуды оқу үрдісіне енгізуді жүзеге асыру;
- Колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру және қайт даярлау курсынан өтуді ұйымдастыру колледждің оқу-тәрбие үрдісінің жағдайы туралы ақпаратты жинау және өңдеу;
- оқытушылардың жұмыс тәжірибесін зерделеу;
- колледждің педагогикалық қызметкерлеріне оқу-тәрбие жұмыстарына әдістемелік көмек көрсету;
- ҚР МЖМБС (ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 3 тамыздағы №348 бұйрығы) оқу жұмыс бағдарламасы, оқу жұмыс жоспары талаптарының орындалуын мерзімдік тексеру;
- оқу пәндерін оқыту сапасын, оқытушылардың оқу – тәрбие жұмысының мазмұнына, түрі мен әдістеріне қойылатын ғылыми - негізделген талаптарының сақталуын жүйелі бақылау;
- білім алушылардың білімін меңгеру процесін, олардың даму деңгейін, өз бетінше білім алу әдістерін меңгеруді кезең-кезеңмен бақылау;
- колледждің барлық жұмыс жоспарларының және қабылданатын басқару шешімдерінің орындалуын үнемі тексеру

**Жұмыс бағыттары:**

- оқу үрдісін ұйымдастыру, бақылау, зерделеу;
- оқу құжаттарының дұрыс толтырылуын қадағалау;
- педагогтардың жұмысына әдістемелік көмек көрсету, бақылау, талдау;
- біліктілігін арттыру және біліктілік санаттарын жоғарылату жұмыстарын жетілдіру.

№	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторлар/ Соңғы нәтиже	Жауаптылар
1	<b>Оқу үрдісін ұйымдастыру</b>			
1.1	2025-2026 оқу жылына колледждің оқу жұмысының жоспарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әзірлеу	тамыз	Жұмыс жоспары	Нурбекова Г.А.

1.2	<p>Оқу жылына</p> <p>-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС;</p> <p>- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы;</p> <p>-ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары;</p> <p>-Ұлттық біліктілік шеңбері;</p> <p>-Кәсіптік стандарттар;</p> <p>-WorldSkills кәсіптік стандарттарына сәйкес және оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы бойынша оқу процесінде мамандықтардың оқу пәндері мен кәсіптік модульдерінің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру, бекітуге ұсыну.</p>	тамыз	Оқу жұмыс бағдарламасы, Оқу жұмыс жоспары	Нурбекова Г.А. Кадиева М.Б. Жауар Б.Ұ. Жұмыс берушілер, арнайы пән оқытушылары
1.3	2025-2026 оқу жылына колледждегі педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу.	тамыз	Жұмыс жоспары	ДОЖЖО Нурбекова Г.А.
1.4	2025-2026 оқу жылына колледждің жылдық жұмыс жоспарын құру.(қызмет бағыттары бойынша).	тамыз	Жұмыс жоспары	Колледж әкімшілігі
1.5	Оқу жылының семестрлері бойынша оқу сабақтарының және факультативтердің, консультациялық сабақтар кестесін құру. Smart nation платформасындағы электрондық журналға оқу жұмыс жоспарын салу.	тамыз, қаңтар	Сабақ кестесі	ДОЖЖО Нурбекова Г.А.
1.6	Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуді ұйымдастыру.	Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес	Оқу үрдісінің кестесі	Нурбекова Г.А. Кадиева М.Б. Жауар Б.Ұ. Жұмыс берушілер, арнайы пән оқытушылары
<b>2</b>	<b>Бұйрықтарды, құжаттаманы әзірлеу және бекіту</b>			
2.1	2025-2026 оқу жылына оқу үрдісінің кестесін әзірлеу	тамыз	Оқу үрдісінің кестесі	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
2.2	2025-2026 оқу жылына педагогикалық жүктемені әзірлеу бекіту және үлестіру. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамын талдау.	тамыз	Педагогикалық жүктеме	Ож жөніндегі директордың орынбасары

2.3	Бұйрықтар шығару: - 2025-2026 оқу жылына педагогикалық, әдістемелік және индустриялық кеңестердің, педагогикалық кеңестің құрамын бекіту туралы; - 2025-2026 оқу жылына пәндік циклдік бірлестіктер құрамы мен жетекшілерін бекіту туралы; - 2025 жылғы қабылданған мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын, бекіту	тамыз	Бұйрық	Директор, орынбасарлары, әдіскер
2.4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес білім алушыларды ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттаудан өту үшін құжаттаманы, бұйрықтарды әзірлеу және бекіту. Оқыту нәтижелерін бағалау формасы ретінде мамандықтар бойынша демонстрациялық емтихандарды өту үшін құжаттаманы, бұйрықтарды әзірлеу және бекіту	қараша сәуір	Емтихан материалдары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
2.5	Аралық, қорытынды аттестаттау және демонстрациялық емтихан, дипломдық жұмыстарға материалдар дайындау	қараша сәуір	Емтихан материалдары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
2.6	Бітіруші курстардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру үшін құжаттарды дайындау (комиссия төрағаларын, мүшелерін, емтихан билеттерін әзірлеу және бекіту, кесте, хаттамалар және есептер әзірлеу)	Мамыр маусым	Бұйрықтар, кестелер, емтихан билеттері, хаттамалар, есептер	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, бөлім меңгерушілері
<b>3</b>	<b>Есептік құжаттаманы құру</b>			
3.1	2025-2026 оқу жылының басына мемлекеттік статистикалық есептілікті жасау (2-НК, жалпы және әр мамандық бойынша контингент туралы, бітіру туралы, жұмысқа орналастыру туралы т.б)	30 қыркүйекке дейін	Есептер	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
3.2	Қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағаларының есептерін алу	маусым	Есептер	Ож жөніндегі директордың орынбасары

3.3	2025-2026 оқу жылындағы колледж жұмысының қорытындысын және 2025-2026 оқу жылына арналған жоспар жобасын талдаумен есеп жасау	маусым	Есеп	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
<b>4</b>	<b>Оқу процесін бақылау</b>			
4.1	Білім беру процесінің сапасын бақылау бойынша жұмысты ұйымдастыру	ай сайын	Колледжішілік бақылау жоспары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.2	Жаңадан қабылданған оқытушылардың кәсіби деңгейін бағалау, сабақтарда қолданылатын әдістер мен тәсілдеріне талдау жасау, жұмысын ұйымдастыру	қазан	Талдау анықтамалары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.3	Оқу жұмыс жоспарына сәйкес зертханалық-практикалық сабақтарды орындалу барысын бақылау.	жыл бойы	Талдау анықтамалары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.3	1 курс, 2 және 3 курс студенттерінің жалпы пәндер , арнайы пәндер немесе модульдері бойынша білім сапасын анықтау мақсатында бақылау жұмыстарын ұйымдастыру	қараша, желтоқсан	Талдау анықтамалары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.4	Ағымдағы үлгерімнің мониторингін ұйымдастыру	Қаңтар маусым	Анықтамалар, бағалар тізімдемесі	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.5	Оқытушылардың сабақтарына қатысу	ай сайын	Талдау анықтамалары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
4.6	Теориялық оқыту журналдарының толтырылуын бақылауды жүзеге асыру	айына 1 рет	Журналдардағы жазбалар	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
<b>5</b>	<b>Іс- шараларды дайындау және ұйымдастыру</b>			
5.1	Бітіруші курстардың қорытынды аттестаттауын өткізуді ұйымдастыру	маусым	Сабақ кестесі, емтихан мәліметтері	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері

5.2	Түлектерді қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия жұмысына қатысу	маусым	Есеп	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
<b>6</b>	<b>Кәсіптік және педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша жұмыс</b>			
6.1	ҚР Заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, ҚР Үкіметінің шешімдерін, қаулыларын, ҚР оқу-ағарту министрінің бұйрықтарын, нұсқаулық, әдістемелік мәліметтерді, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарын жұмыста қолдану	үнемі	Ішкі құжаттар	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
6.2	Колледж директорларының оқу және оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасарларының облыстық бірлестігінің жұмысына қатысу	үнемі	Отырыстардың әдістемелік ұсынымдары	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары
6.3	Тақырыптық семинарларға, кеңестерге, конференцияларға және т. б. іс-шараларға қатысу	үнемі	Тәжірибелік мәліметтер	ОЖ жөніндегі директордың орынбасары

### Оқу-әдістемелік жұмыс

**Колледждің әдістемелік тақырыбы:** «Колледж – өзін өзі оқытатын ұйым» жобасы арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен метадағдыларын дамыту»

**Әдістемелік қызмет мақсаты:**

- ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету мен жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

**Міндеттер:**

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін қолданыстағы технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру болып табылады.

**Жұмыстың негізгі бағыттары:**

1. нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдамаларын, оқу-бағдарламалық құжаттарды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу;
2. жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру;

3. еңбек нарығының талаптарын ескере отырып білім беру бағдарламаларына және стандарттарға өзгерту енгізу туралы ұсыныстар енгізу;
4. ағымдық, аралық бақылаудың қорытындыларын талқылау; білім алушылардың білімнің, іскерлігінің дағдысының сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
5. педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтарын өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу және оқудан тыс іс-шаралар өткізу;
6. сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым және техника жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу;
7. мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын тақырыптық және ғылыми семинарлар, конференциялар және ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;
8. педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары және электрондық-есептеу техникасына шолу жасауды ұйымдастыру;
9. ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін жақсаруына және еңбекті ұйымдастыру, өзара тексеру және өзара көмектің тиімді нысандарын кеңінен қолдануға білім алушыларды тарту.

**Жұмыстың негізгі бағыттары:**

- Оқу-әдістемелік жұмысты нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
- Оқу-әдістемелік кеңес
- Әдістемелік семинарлар
- Жас және жаңадан келген мамандармен жұмыс.
- «Педагогикалық шеберхана» озат педагогтардың іс-тәжірибесін жинақтау, тарату
- Педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу
- Ғылыми - зерттеу жұмыстарына басшылық
- Педагог кадрлар біліктілігін арттыру

№	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторлар/Соңғы нәтиже	Жауаптылар
<b>Ғылыми-әдістемелік жұмысты нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</b>				
1.	Нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу	Жыл бойы	НҚА банкін жасақтау	Әкімшілік мүшелері
2.	Бұйрықтардың жобаларын дайындау	Тамыз, қыркүйек	Бұйрық жобалары	Әдіскер
3.	Өкімдік құжаттарды (бұйрықтардың, хаттамалардың, өкімдердің жобаларын) әзірлеу	Жыл бойы	Өкімдік құжаттар	Әдіскер
4.	Ұйымдастыру-жоспарлау құжаттарын (жоспарлар, кестелер және т. б.) әзірлеу	Жыл бойы	Ұйымдастыру, жоспарлау құжаттары	Әдіскер, ПЦК жетекшілері
<b>Оқу – әдістемелік Кеңестің жұмысы</b>				
1.	Әдістемелік кеңес отырыстарының жоспарын әзірлеу	Тамыз, қыркүйек	Әдістемелік кеңес отырысының жоспары	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
2.	Әдістемелік кеңес отырысын өткізу	Екі айда 1 рет	Хаттамалар	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

3.	Әдістемелік кеңестің жұмысы туралы есеп	Мамыр-маусым	Жылдық есеп	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
<b>Пәндік-циклдік комиссиялар жұмыстары</b>				
1	Пәндік-циклдік комиссиялар құрамын бекіту, жетекшілерді тағайындау	тамыз	ПЦК жетекшілері туралы бұйрық жобасы	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
2	ПЦК жұмысының жоспарлары мен кестелерін келісу және бекіту	тамыз	ПЦК жұмыс жоспары	ПЦК жетекшілері
3	Сабақтарға өзара қатысуды, ашық сабақтар өткізуді, әдістемелік материалдар шығаруды ұйымдастыру және бақылау	қыркүйек	Бекітілген кестелер, хаттамалар мен есептер	ПЦК жетекшілері
4	ПЦК оқытушыларының әдістемелік отырысын өткізу	Ай сайын	Отырыстардың хаттамалары	ПЦК жетекшілері
5	Нұсқаулық-әдістемелік кеңестер өткізу	Ай сайын	Әдістемелік нұсқаулық	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
6	ПЦК жұмыс жоспарларының орындалуын, құжаттаманың жай-күйін бақылау	Қаңтар, мамыр	Бақылау қорытындысы бойынша анықтама	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер
7	ПЦК жетекшілерінің отырысын өткізу	Қыркүйек	Отырыс хаттамалары	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер
8	«Жалпы білім беру және бағдарламалық қамтамасыз ету» ПЦК онкүндіктерін өткізуді ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Колледж сайтына хабарлама, есептер, әлеуметтік желіге жариялау,	ПЦК жетекшілері
9	Ауылшаруашылығын механикаландыру» ПЦК онкүндігі	Қазан	Колледж сайтына хабарлама, есептер, ақпараттарды әлеуметтік желіге жариялау.	ПЦК жетекшілері
10	«Дәнекерлеу ісі» ПЦК онкүндігі	Қараша	Колледж сайтына хабарлама, есептер, ақпараттарды әлеуметтік желіге жариялау.	ПЦК жетекшілері
11	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» ПЦК онкүндігі	Желтоқсан	Колледж сайтына хабарлама, есептер, ақпараттарды әлеуметтік желіге жариялау.	ПЦК жетекшілері
<b>Цифрлық ақпараттандыру кабинетінің жұмыстарын ұйымдастыру</b>				
1	Колледж сайты әр бағыттар бойынша сайтта әдістемелік материалдарды әзірлеу және орналастыру	Қыркүйек	Сайт туралы ақпараттар	Директордың ақпараттық жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
2	College.snation.kz платформасын қолдану бойынша әдістемелік талқылау	Қыркүйек	Семинар бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулық	Директордың ақпараттық жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері

3	«Оқу үрдісінде цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесі» практикалық семинар	қазан	Семинар бағдарламасы, есебі	Директордың ақпараттық жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер, ПЦК жетекшілері
4	Оқытушылар мен студенттерге арналған электронды кітапхананы оқу-әдістемелік құралдармен толықтыру	Жыл бойы	Электронды оқулықтар мен ОӘК	Кітапхана меңгерушісі
<b>Жас және жаңадан келген мамандармен жұмыс</b>				
1	Жас мамандардың және жаңадан қабылданған оқытушылардың тізімін анықтау, тәлімгерлерді тағайындау	Қыркүйек	Бұйрық	Әдіскер
2	Жас мамандармен жүргізілетін тәлімгерлік жұмыс жоспарларын бекіту	Қыркүйек	тәлімгер жоспары	ПЦК жетекшілері, тәлімгер
3	Жас, жаңадан келген мамандармен әңгімелесу, Колледж жұмысының ішкі тәртіп ережелерін түсіндіру. College SmartNation платформасын пайдалану нұсқаулығын таныстыру	Қыркүйек	Ереже, нұсқаулық	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі және директордың ақпараттық жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Колледж құжаттамасымен жұмыс істеудің ерекшелігін таныстыру. ЖОБ мен сабақ жоспарларын әзірлеу бойынша колледж құжаттамасын жүргізу бойынша нұсқаулық беру	Қыркүйек	Нормативтік құжаттар	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
5	<b>Жоба:</b> «Менторингтегі жас оқытушылардың өсу фокусы»	Қыркүйек	Жоба паспорты мен жоспары	әдіскер
6	«Педагогикалық шеберхана» озат педагогтың шеберлік сыныбына қатыстыру.	Жоспар бойынша	Презентация, іс-тәжірибе жинағы	Әдіскер, тәлімгер
7	«Жас маманмен сұхбат» айдарымен ашық әңгіме сағаттарын, тренинг, диагностика жұмыстарын өткізу.	Екі айда 1 рет	Диагностика материалдары	Әдіскер, тәлімгер
8	Әдістемелік көмек көрсету мақсатымен жас мамандар мен жаңадан қабылданған оқытушылардың сабақтарына қатысу.	Жыл бойы	Кесте	Әкімшілік Тәлімгерлер
9	«Талап» КЕАҚ, НЗМ, «ПШО» орталықтары арқылы біліктілікті арттыру курстарынан өткізу.	«Талап», НЗМ, «ПШО» орталықтарының жоспарына сәйкес	Жоспар бойынша	Әдіскер, ПЦК жетекшілері
10	Курстан кейінгі сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Жұмыс дәптерлері, фотоесеп	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер,

				аға шебер, ПЦК жетекшілері, тәлімгер
11	Жас педагогтарды халықаралық, республикалық, облыстық семинар, конференцияларға кәсіби байқауларға қатыстыру.	Жыл бойы	Жазбаша есеп, Фотоесеп	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, тәлімгер
<b>«Педагогикалық шеберхана» озат педагогтардың іс-тәжірибесін жинақтау, тарату</b>				
1	«Үздік педагог-2024» облыстық, республикалық байқауға қатысуды ұйымдастыру.	Тамыз-Қыркүйек	сайт	Әдіскер, ПЦК жетекшісі, үздік педагог
2	«Жамбыл облысының білім беру ұйымдарының педагогтеріне жергілікті ерекшелік белгісі мен құрметті атағын беру қағидалары, олардың сипаттамасы мен бір жолғы сыйақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» БҚО әкімдігінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №199 қаулысына сәйкес жергілікті ерекшелік белгісі мен құрметті атағын беруге ұсыныс беру	Қыркүйек	Хаттама, портфолио	Әдіскер, ПЦК жетекшісі, үздік педагог
3	Әдістемелік отырыстар мен семинарларда, конференцияларда озат педагогтардың іс-тәжірибесін тарату.	Кесте бойынша	Озат тәжірибені тарату туралы шешім	Әдіскер, ПЦК жетекшісі, аға шебер
4	«Үздік педагог сабағы» озат педагогтың шеберлік сыныбын өткізу	кесте бойынша	Озат педагогтың іс-тәжірибесі бойынша жинақ	Әдіскер, ПЦК жетекшісі
5	«Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсына қатысу	қазан	Конкурс материалдары, презентациялары	Әдіскер, ПЦК жетекшісі
6	Республикалық ғылыми-әдістемелік орталықтар тарапынан қашықтықтан өткізілетін кәсіптік сайыстарға қатысуды ұйымдастыру, білім порталдарындағы сайттарға оқытушылардың үздік материалдарын жіберу;	Жыл бойы	Материалдар жинағы	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі, озат педагогтар
<b>Педагог қызметкерлерді аттестаттау бойынша жұмыс</b>				
1	Аттестаттау комиссиясының және пәндер бойынша сараптамалық кеңестің құрамын айқындау	Қыркүйек	Бұйрық	Әкімшілік

2	2024-2025 оқу жылы аттестатталатын педагог қызметкерлер мен колледж директорының орынбасарларының тізімін дайындау және түзету	Қыркүйек	Бекітілген тізім	Әдіскер
3	Педагог мамандарды аттестаттау ережесімен таныстыру. Аттестациядан өтетін оқытушылардың өтініштерін қабылдау, тіркеу.	Қыркүйек	Жаңа оқу жылында аттестациядан өтетін оқытушылар тізімі	Әдіскер
4	Аттестаттауды өткізу және педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының Ұлттық платформасы бойынша нұсқаулық әдістемелік семинарлар, жеке консультациялар өткізу.	2025 жылдың қаңтар айына дейін	Аттестаттауға және құжаттарды ресімдеуге арналған нормативтік құжаттар талаптары, платформаға құжаттарды жүктеу	Әкімшілік, әдіскер
5	Аттестатталатын оқытушылардың өтініштерін онлайн тапсыруды, ПББ өтуін ұйымдастыру және оларды тіркеу	Кесте бойынша	Электронды өтініш	Әдіскер
6	ПББ тапсыру	Арнайы кесте бойынша	Сертификат	Әдіскер
7	Қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау	Аттестаттау кезеңіне сәйкес	Портфолио	Сараптамалық кеңес
8	Аттестаттау комиссиясының отырысын өткізу	Аттестаттау кезеңіне сәйкес	Хаттамалар	Әдіскер
9	Педагог қызметкерлердің бір жыл ішіндегі аттестаттау нәтижелерін талдау	Кестеге сай	Аттестация қорытындысы бойынша есеп	Әдіскер
10	Біліктілік санаттарын беру туралы куәліктерді рәсімдеу және беру.	Тамыз	Тіркеу журналы	Кадр бөлімі, әдіскер
<b>Ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық . Колледждің ғылыми-әдістемелік жүйесі арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру</b>				
1	Оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу және келісу	Тамыз, қыркүйек	Жеке жұмыс жоспарлары	ПЦК жетекшілері, аға шебер
2	«Озат педагогикалық тәжірибе» мектебінің жұмысын ұйымдастыру және семинарлар өткізу	Жоспар бойынша	Жұмыс жоспары, семинар материалдары	ПЦК жетекшілері
3	Әдістемелік кеңес отырысын өткізу	Жоспар бойынша, жылына 5 рет	Хаттамалар	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер
4	Тұрақты жұмыс істейтін оқу семинарлары (Озат педагогтар мектебі, Жас мамандарға арналған жоба)	Семинарлар мен жобалар жоспарына сай	Семинар материалдары,	ПЦК жетекшілері
5	Оқытушылардың халықаралық, облыстық, аймақтық, қалалық деңгейдегі ғылыми-	Жыл бойы	Сертификаттар, ынтымақтастық меморандум	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер

	әдістемелік іс-шараларға, конференцияларға қатысуы		аясындағы шаралар құжаттары	
6	Озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, тарату	Жыл бойы	Мақалалар, әдістемелік құралдар мен әлеуметтік желілердегі мақалалар, фото альбом, бейне материалдар	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер
7	Педагогикалық оқулар Ғылыми-практикалық конференция	Жоспар бойынша	Баяндамалар, есептер, сертификаттар	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер
8	Халықаралық, республикалық, аймақтық, облыстық әдістемелік кабинет өткізетін оқу семинарларына оқытушылардың қатысуы.	Облыстық, республикалық ОӘК жоспарларына сай	Мастер-класстра мен есептер, конференция жинақтары	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер
9	Сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға өзара қатысу	Жыл бойы	Сабақтар талдауы, хаттамалар	Әкімшілік, әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер
10	«Студенттердің ғылыми-зерттеу қоғамы» - зерттеу жұмысына үйретер жол	Жоспар бойынша	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері, конкурс, сайыстар сертификаттары	Әдіскер, ПЦК жетекшілері, аға шебер
11	Студенттердің дипломдық және курстық жұмыстарына бақылау жасау	Жыл бойы	Бақылау кестесі	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, ПЦК жетекшілері, аға шебер
<b>Ынтымақтастық меморандумы бойынша халықаралық байланыс жұмыстары</b>				
1	Қырғыстан Республикасының Токмок қаласында орналасқан "Токмок индустриалды-педагогикалық" колледжімен халықаралық Меморандум негізінде аясында жұмыстарды жалғастыру.	Жыл бойы	Жоспар бойынша шаралар, семинар, жолдастық кездесулер, онлайн-байланыстар орнату	Колледж директоры, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, жоба жетекшісі
<b>Курстық дайындық арқылы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру</b>				
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өтуді ұйымдастыру	маусым, қыркүйек	Сертификаттар	Әдіскер
2	«Талап»КЕАҚ, НЗМ, «ПШО» орталықтары арқылы біліктілікті арттыру курстарынан өткізу.	«Талап», НЗМ, «ПШО» орталықтарының жоспарына сәйкес	Сертификат	Әдіскер, кадр бөлімі меңгерушісі
3	Шығармашылық есептер және біліктілікті арттыру курстары мен тағылымдамалардан өту мониторингі	Қаңтар, маусым	Курстық дайындық туралы мәліметтер	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, директордың кәсіптік оқыту

				жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер
4	Өзара оқыту семинарларын ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Семинар жоспары, есебі	Директордың оқу ісі жөніндегі жөніндегі орынбасары, ПЦК жетекшілері
5	Электронды портфолио, электронды оқу құралдарын жасақтауға әдістемелік көмек беру.	Жыл бойы	Оқытушылардың электронды оқу құралы, электронды портфолиосы.	Әдіскер, ПЦК жетекшілері
<b>Жұмыс оқу бағдарламалары (ЖОБ), оқу-әдістемелік құралдарды (ОӘҚ), оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) әзірлеу және сараптау</b>				
1.	ЖББ бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, оқыту мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын жаңарту және жүйелеу	тамыз	Пәндер мен модульдер бойынша оқу бағдарламалар жинағы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ПЦК жетекшілері, аға шебер
2	Жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларын бекітуге дайындау	Тамыз, қыркүйек	Мамандықтар бойынша бекітілген жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ПЦК жетекшілері, аға шебер
3	Дидактикалық материалды, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдарын жасау бойынша жұмысты ұйымдастыру	Жыл бойы	Бекітілген ОӘК мен ОӘҚ	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, ПЦК жетекшілері, аға шебер

## Кәсіптік оқыту

**Мақсаты:** Өндірістік жұмыс бағыттың дамуын қамтамасыз ету, оқу процесін жүзеге асыру сапасын жоспарлау, ұйымдастыру, басшылық ету, үйлестіру және бақылау .

**Міндеттері:** Өндірістік оқыту шеберлерінің ұжымы қызметінің кәсіптік оқыту бойынша ұйымдастырылуын және үйлестірілуін жүзеге асыру.

### Жұмыс бағыттары:

- Оқу үрдісіндегі кәсіптік іс тәжірибелерді ұйымдастыру ,бақылау.
- дуальды оқытуды ұйымдастыру, келісім шарттар жасау, құжаттарының дұрыс толтыруын қадағалау.
- өндіріс орындарында тағылымдамадан өту жұмыстарын жетілдіру
- өндірістік жұмыстарды жетілдіру
- Жас маман жобасы, WorldSkills чемпионаттары жұмыстарын жүргізу.
- өндірісте оқыту шеберлеріне оқу-әдістемелік көмек көрсету.

№	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторлар/Соңғы нәтиже	Жауаптылар
1.	Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау, Колледждің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту.	Тамыз	Жұмыс бағдарламаларын және КТЖ бекітілуі	Колледж әкімшілігі индустриалды кеңес
	Колледждің индустриалды кеңестің жұмысын іске асыру	тамыз	жоспар	Жауар Б.У. Колледж әкімшілігі
2	Өндірістік оқыту шеберлерін іріктеу мен орналастыруды жүзеге асыру. Шеберханалар мен зертханаларды бекіту.	Тамыз	Әкімшілік кеңес отырысына ақпарат	Жауар Б.У. Колледж әкімшілігі
3	Жұмыс берушілермен бірлесіп оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту және өндірістік практикаға шарттар жасасу. № 93 бұйрығы.Еңбек KZ порталына ақпарат енгізу	Қыркүйек	Жоспар бекіту	Жауар Б.У.
	Қазақстандағы колледждермен ынтымықтастық орнату	қыркүйек	меморандум	Б.Жауар
4	Шет мемлекеттермен халықаралық меморандумдар жасау	қыркүйек	меморандум	Әкімшілік . Жауар Б.У.
5	Техника қауіпсіздік нұсқаулар өткізу	қыркүйек	Нұсқау журналы	Аға шебері Масдыкова Р
6	Мамандықтар бойынша практика базаларымен практикаларды дуальдық оқыту жүйесі бойынша келісім-шарттар жасау. 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы, келісім шарттар2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы	Қыркүйек	Келісім шарт. Бұйрықтар шығару. Еңбек KZ	Жауар Б.У.
7	2025 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша шеберлердің есептері (НОБД ға енгізу)	Қыркүйек	Ақпарат пен анықтамалар	Жауар Б.У.
8	Worldskills Республикалық байқауына дайындау жұмыстарын жүргізуі жоспар бекіту	Қыркүйек- Қараша	жоспар	Жауар Б.У. Джумашева Н.А
9	Жаңа мамандықтар ашуға жұмыстар жүргізу	Қыркүйек-наурыз	лицензия	Жауар Б.У. Колледж әкімшілігі
	Мамандықтар арасында колледж ішкілік Worldskills чемпионатын өткізу	Наурыз-сәуір	байқау	Жауар Б.У. 2-3 курс шеберлері
<b>2</b>	<b>Оқу-өндірістік жұмыс.</b>			
1	3-курс білім алушылармен тракторлармен жаттығу жүргізуін уйымдастыру	Өндірістік сабақтарда	Жаттықтыру	Аға шебер
2	Колледжде өткізілетін байқаулар, Worldskills чемпионатына дайындық,демо емтихандар т.б. іс шараларға жұмсалатын материалдардың қажетін анықтап бекіту.	Қыркүйек	Жұмысты тиімді жоспарлау	Жауар Б.У. Өнд.шеберлер
3	Дәнкерлеу шеберханасына су кіргізу	Қыркүйек		Чоенбаев А.А

4	Комбайынды жүгері шабу жұмыстарына дайындау,	Қыркүйек	Жөндеу жұмыстар техниканың тиімді жұмысы,	Механик.Аға шебері
5	Ауыл шаруашылық техникаларын күзгі жұмыстарға дайындау	қазан	Жөндеу жұмыстар техниканың тиімді жұмысы	механик Аға шебері
6	Оқу шаруашылығының құжаттарын жаңарту .жер көлемін ,шегараларын анықтату,	Қыркүйек-қазан	құжат	Б.У.Жауар
7	Колледждің оқу шаруашылығында күзгі жұмыстарды ұйымдастыру	Қазан-қараша	Күздік бидай егу.	Механик,аға шебері
8	Оқу шаруашылығының мал шаруашылығын сарайларына жөндеу жұмыстарын ,қысқа дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.	Қазан-қараша	тиімді жұмысы	Механик,аға шебері
9	Өндірістік оқыту шеберлері кәсіптік практикаларды жүйесімен ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауларын дайындау . № 107 бұйрық	Қазан	Құжаттарды бекіту	Жауар Б.У,
10	Техникаларды қыстық мерзімге сақтауға жұмыстарын жүргізу	қараша	Техникаларды сақтау	механик
11	Практиканттарға жаңа техника мен технологияны, қазіргі әдістемені және өндірістік тәсілдер мен еңбек әдістерін игеру үшін қажетгі жағдайлар жасау.	желтоқсан	нұсқаулар	Жауар Б.У,
12	Мамандықтар бойынша 2-3 курс студенттерді өндірістік практикаларға дайындау жұмыстарын ұйымдастыру.№107 бұйрық	Қантар	Құжаттарды бекіту	Жауар Б.У, Масадыкова Р
13	Ауыл шаруашылық техникаларды көктемгі жұмыстарға дайындау	ақпан	Жөндеу жұмыстар, техниканың тиімді жұмысы	механик
14	Колледждің оқу шаруашылығында көктемгі жұмыстарды ұйымдастыру	наурыз	Арпа егу	Жауар Б.У, Механик Өнд.шеберлер,
15	Кәсіптік практика соңында кәсіпорыннан тағайындалған жетекшімен бірге, бағалау критерилерін ескере отырып сынақ қабылдау.	мамыр	хаттама	Жауар Б.У Өнд.шеберлер
<b>3. Оқу-әдістемелік жұмыс.</b>				
1	Оқу-жоспарлау құжаттамасының жағдайын тексеру және талдау	Қыркүйек	Хаттама, қызметкерлердің тиімді жұмысы	Жауар Б.У
2	Өндірістік шеберлерді тағылымдамадан өткізу кестесін бекіту	Қыркүйек	Колледждің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру	Жауар Б.У
3	Өлең шеберлерінің өндірістік оқыту және оқу практикасы сабақтарына өзара қатысуын бақылау	үнемі	Бақылау мен кеңес. Сабаққа қатысқан сабақтарға талдау.	Жауар Б.У

4	А/ш механикаландыру мамандығының өндірістік шеберлер арасында байқаулар өткізу	сәуір	Байқау, шеберлікті арттыру,	Жауар Б.У Өндірісте оқыту шеберлер
5	Кесте бойынша кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыру	сәуір	ақпарат	Жауар Б.У
6	3-курс студенттерге демонстрациялық емтихандарды өткізуге құжаттамаларды дайындау (Демонстрац. емтихан 2022 ж 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)	Сәуір-мамыр	Емтихан құжаттар	Жауар Б.У Өндірісте оқыту шеберлер, арнайы пән оқытушылар
7	Колледж түлектері үшін "бос орындар жәрмеңкесін" ұйымдастыру және өткізу	мамыр	Түлектерді орналастыруға көмектесу	Жауар Б.У
8	Колледж түлектердің жұмысқа орналастыру жұмыстарын бақылауға алып реестрге енгізу	Маусым-тамыз	Ақпарат пен анықтамалар	Жауар Б.У

### Ақпараттық жүйелер жұмысы

#### Жылдық жұмыс жоспарының мақсаты:

Колледж ішкі жүйесінің инновациялық әлеуетін дамытуға ықпал ету, білікті ақпараттық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, жобалық – ұйымдастырушылық жүйе құру негізінде басқарушы және педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты білім беру мекемелерінде жүзеге асыруға тиімді әдістер құру.

#### Міндеттер:

1. Арнайы пән оқытушылары, жалпы білім беру пән оқытушылары және өндірістік шеберлерге, инновациялық қызметте қолдау көрсету, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;
2. Оқыту, ақпараттық, әдістемелік, жаңашылдық, консультациялық жұмыстар жүргізу, ҰБДҚ деректер базасын жыл бойы жаңарту;
3. Колледж ішілік біртұтас ақпараттық - білімдік және әдістемелік кеңістігін құру;

#### Бағыттары:

##### 1. Ұйымдастыру жұмыстары.

##### 2. Директордың ақпараттық жүйелер ісі жөніндегі орынбасарының жұмысын реттейтін құқықтық құжаттар

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы
- "Дербес деректер және оларды қорғау туралы",
- "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңдары;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы,
- Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы,

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы»
- ҚР Үкіметінің Қаулысы, Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығы,
- Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығы

### 3. Жұмыс жоспарлары

### 4. Сараптамалық жұмыс

### 5. Ақпараттық жұмыс

### 6. Әдістемелік-ұйымдастырушылық жұмыс

### 7. Семинарлар, сайыстар

### 8. Ғылыми-әдістемелік жұмыс

№	Қарастырылатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторлар/ Соңғы нәтиже	Жауаптылар
<b>1. Ұйымдастыру жұмыстары</b>				
1.1	Құқықтық-нормативтік құжаттарды оқып, білу.	Тамыз-қыркүйек	Құқықтық-нормативтік құжаттар банкі	Исмагамбетова Н
1.2	Оқытушылардың қажеттілігі бойынша семинарлар өткізу	Жыл бойы.	Жоспар, Анықтама	Жоспар, анықтама
1.3	Колледждің ішкі жоспары бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	Жыл бойы	Анықтама, сайтқа ақпарат салу	Анықтама, сайтқа ақпарат салу
1.4	Мекемеде интернет желісін оптоволоконный кабель бойынша қосылуға іс-шаралар ұйымдастыру	Желтоқсанға дейін	интернет желсінің қамтылуы	Чоенбаева Г.К Исмагамбетова Н
1.5	2023-2024 оқу жылында бітіруші топтарда өтетін Демонстрациялық емтиханға CIS –жүйесін жаңарту, емтихан материалдарын енгізу, сараптама тобын жұмыс жоспарымен таныстыру, әр күндік нәтижелерді енгізу, сертификаттарын сайтқа QR- код арқылы жариялау.	Мамыр- Маусым	CIS	Арнайы пән мұғалімдері, 3 курс мастерлері, Исмагамбетова Н
1.6	Турникетке 2024-2025 жылы келген студенттерді және оқытушыларды енгізу	Қыркүйек-қазан	Турникет базасы	Исмагамбетова н

2. Жұмыс жоспарлары				
2.1	2024-2025 жылға жұмыс жоспарын құру.	Тамыз	Жылдық жоспар	Исмагамбетова Н
2.2	Ағымды шаралардың өткізілуін жоспарлау, Е өтініш базасындағы хаттармен жұмыс	Білім басқармасынан келген хаттарға сәйкес	Ағымдың шаралардың нәтижесі	Исмагамбетова Н
3. Сараптамалық жұмыс				
3.1.	2024-2025 оқу жылында 1 курс студенттерін электронды« <a href="https://betkaynar-kolledj7.edupage.org/">https://betkaynar-kolledj7.edupage.org/</a> » базасында топтарға бөлу	Тамыз- Қыркүйек	«COLLEGE SmartNation»	Исмагамбетова Н
3.2	2024-2025 оқу жылында 1 курс студенттерін электронды «COLLEGE SmartNation» базасынан ҰБДҚ базасына енгізу	Қыркүйек	ҰБДҚ	Исмагамбетова Н
3.	ҰБДҚ базасына жұмысқа орналасу индикаторын толтыру	Қазан	ҰБДҚ	Исмагамбетова Н
3.4	Деректер банкін қалыптастыру және толықтыру: <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүргізетін жұмыс бағыты бойынша;</li> <li>• IT- Педагогикалық ақпараттар</li> </ul>	Жыл бойы	Мәліметтер банкі	Исмагамбетова Н
3.5	Конференциялар, сайыстар, іс- шараларға қатысу кезінде, техникалық көмек көрсету. Интернет желісіндегі педагогикалық конкурстардың шарттарымен ақпараттандыру	Жыл бойы	Әдістемелік ұсыныстар, ережелер, жадынамалар, алынған сертификаттарды ҰБДҚ енгізу	Исмагамбетова Н
3.6.	ҰБДҚ базасына өзгертулер енгізу енгізу	Ай сайын	ҰБДҚ	Исмагамбетова Н
3.7	«COLLEGE SmartNation» баға қою мониторингін қадағалау	Күнделікті	«COLLEGE SmartNation»	Исмагамбетова Н
3.8	2024-2025 оқу жылында бітіруші топтарда өтетін Демонстрациялық емтиханға CIS –жүесіннің жұмысы бойынша оқыту семинарын өткізу	Оқу жылы ішінде	Аналитикалық анықтама сайтқа ақпарат жариалау	Исмагамбетова Н
3.9	«COLLEGE SmartNation» базасы арқылы 2024-2025 оқуға қабылдау бойынша ақпарат жаңарту, келісім шартқа отыру			Исмагамбетова Н Чоенбаева Г.К
4. Ақпараттық жұмыс				

4.1.	ҚР білім Министрлігінен келген құжаттарды оқып білу	Жыл бойы	Құқықтық-нормативтік құжаттар банкі	Исмагамбетова Н
4.2	Колледж сайтына, өткізілген іс-шаралар, жоспарлар, мақалалар жариялау.	Жыл бойы.	Сайт материалдары	Исмагамбетова Н
4.3.	ІТ- мекемелермен әріптестік қарым-қатынасты дамыту, келісім шарттарға отыруды қадағалау	Жыл бойы	Әдістемелік ұсыныстар	Исмагамбетова Н Чоенбаева Г.К
4.4.	Сайтқа жариялау үшін ақпараттық- педагогикалық құжаттарды іріктеу.	Жыл бойы	Сайт материалдары	Исмагамбетова Н
4.5	“ТАЛАР” КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ сайтынан ТжКБ ұйымдарына арналған конкурстар мен семинарларға оқытушыларға қатысуға ақпараттық техникалық көмек көрсету	Жыл сайын	ТАЛАР” КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ сайты	Исмагамбетова Н
<b>5. Әдістемелік-ұйымдастырушылық жұмыс</b>				
5.1.	ІТ құзіреттілік бойынша оқытушылардың кәсіби өсуіне жетекшілік жасау, педагогтердің инновациялық технологияларды дамыту мәселелері бойынша кеңес беру,	Жыл бойы	Аналитикалық анықтама сайтқа ақпарат жариялау	Исмагамбетова Н
5.3.	Оқытушылар үшін «COLLEGE SmartNation» семинар-практикумдар өткізу	Қазан-ақпан	Аналитикалық анықтама	Исмагамбетова Н
5.4.	Оқытушылардың «COLLEGE SmartNation» жұмысын қорытындылау, сараптама жасау, оны жетілдірудің бағыттарын анықтау.	Жыл бойы	Әдістемелік ұсыныстар	Исмагамбетова Н
<b>6. Семинарлар, сайыстар</b>				
6.1.	Қосымша жоспар бойынша	Жыл бойы	Әдістемелік ұсыныстар	Исмагамбетова Н
	Хакатон қолдана отырып, түрлі салаларда ІТ-шешімдерді әзірлеу бойынша өңірлік конкурстарының қатысу;	Оқу жылы ішінде	Сертификаттар	Ақпараттық жүйлер мамандығының арнайы пән оқытушылары
<b>7. Ғылыми-әдістемелік жұмыс</b>				
7.2.	Даму бағдарламаларын, оқу бағдарламаларын дидактикалық материалдарды сараптамалауға қатысу	Жыл бойы	Құқықтық-нормативтік құжаттар банкі	Исмагамбетова Н

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА  
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖОСПАРЫ**

**Мақсаты:** Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

## **Міндеттері:**

- 1.Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
2. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- 3.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
4. Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
5. Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
6. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
7. Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
8. Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
9. Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- 10.Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

## **Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтар топтамасы:**

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

## **Тәрбие жұмысының негізгі әлеуметтік жобалары:**

- «Қамқор» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу
- «Енбегі адал – жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу
- «Smart bala» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу
- «Шабьт» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу
- «Ұшқыр ой алаңы» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Балалар кітапханасы» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

### 2025-2026 оқу жылындағы атаулы күндер

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915 – 02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885 – 05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895 – 05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835 – 1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910 – 10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846 – 1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866 – 1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906 – 1968);

### Тәрбиені нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №29\*3 бұйрығымен бекітілген Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 бұйрығымен бекітілген Еңбек Кодексі;
- Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;
